



АЙМАҚ/2

Жаңа мүмкіндіктер кезеңі



ДАМУ/3

Жасампаз еңбектің игі жемісі



МЕРЕЙ/6

Жарқырай бер, «Сыр бойы»!



НАЗАР/7

Академия дәріс өткізуде



Сыр бойы



№95-96 (19773-19774)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады 29 маусым /СЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ ОБЛЫСТЫҢ ЖАҢА ӘКІМІН ТАНЫСТЫРДЫ



ҚР Премьер-Министрі Аскар Мамин Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қызылорда облысы мәслихатының кезектен тыс отырысына қатысып, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қуанышбек Ысқақовты облыс әкімі лауазымына тағайындау туралы ұсынысы жазылған хатты оқын берді.

Мәслихат депутаттары Мемлекет басшысы ұсынған кандидатураны бірауыздан қолдады. Облыс активімен кездесуде ҚР Үкіметінің басшысы Қ.Көшербаевқа өңірді дамыту бойынша атқарған елеулі жұмысы үшін алғыс айтып, жаңа лауазымы – ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы қызметінде сәттілік тіледі.

– Қырымбек Көшербаев Қызылорда облысының 6 жыл бойы басқарды, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлесін қосты. Осы уақыт ішінде ірі инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік жобалар іске асырылды. Әлеуметтік саланы дамыту бойынша тиімді шаралар қабылданды. Тұрақты эконо-

номикалық даму жолында атқарған жұмысыңызға алғыс айтып, жаңа қызметіңізге сәттілік тілейміз, – деді А.Мамин.

Үкімет басшысы облыс активіне өңірдің жаңа әкімін таныстыра отырып, Қуанышбек Ысқақовтың өмірлік және орталық деңгейдегі елеулі жұмыс тәжірибесін атап өтті.

– Ол Қызылорда облысы әкімінің орынбасары лауазымын атқарды, ұзақ жылдар бойы ҚР Қаржы министрлігінің жүйесінде жұмыс істеді. Енді өз тәжірибесін облыстың дамуына жұмсайды, – деді Премьер-Министр.

Қырымбек Көшербаев Мемлекет басшысы көрсеткен зор сенім үшін алғысын білдіріп, Қуанышбек

Ысқақовқа жауапты қызметінде сәттілік тіледі.

– Осыдан 6 жарым жыл бұрын облыс басшылығына келдім. Ол кезде облыс барлық макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша ең соңғы орында еді. Елбасы инвестиция тарту, өндіріс пен ауыл шаруашылығын әртараптандыру, әлеуметтік проблемаларды қарқынды шешуді тапсырды және өзі әрдайым қолдау көрсетіп отырды, – деді ол.

Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов өзіне жүктелген жауапкершілік пен сенім үшін алғысын білдірді.

– Бойымдағы бар күш-жігерімді, білім-білігімді, іс-тәжірибемді аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға жұмсаймын. Осыған дейін басталған істерді жалғастыруға дайынмын. Елбасының, Президенттің, Үкімет басшысының бізге берген тапсырмаларын сапалы орындауға күш саламын, – деді.

Жиында мемлекет және

қоғам қайраткері Б.Досмағбетов Қырымбек Көшербаевқа туған жерінің өсіп-өркендеуіне, баянды болашағына жасаған қызметі үшін алғыс айтты.

– Табиғаты қатал, экологиялық ахуалы күрделі өңірімізде аймақ басшысы ретінде салалар бойынша өміршен, ұзақмерзімді бағдарламаларды іске асырдыңыз. Аймағымыз жаңғырды, жаңарды, онынан өзгерді. Елдің сенімі мен үміті орнықты. Ол үшін сізге барлық қызылордалықтардың атынан ризашылығымды білдіремін, – деді.

Одан әрі медицина саласының ардагері Т.Маханов, Батыр Ана С.Жұмабекова, И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық-техникалық жоғары колледж директоры И.Құттықожаев, Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі В.Толоконников, Мәскеу болат және қорытпалар институтының түлегі А.Тобжан сөз сөйлеп, өз алғыстарын айтты.

ҚЫРЫМБЕК КӨШЕРБАЕВ – ПРЕЗИДЕНТ ӘКІМШІЛІГІНІҢ БАСШЫСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қырымбек Көшербаев ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысы болып тағайындалды.

«Қырымбек Елеуұлы Көшербаев Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы болып тағайындалсын, ол Қызылорда облысының әкімі қызметінен босатылсын» делінген Жарлықтың мәтінінде.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter-дегі парақшасында ҚР Президенті Әкімшілігінің жаңа басшысына бірқатар міндеттер жүктегенін мәлімдеді.

«Қырымбек Көшербаевты Президент Әкімшілігі Басшысының лауазымына тағайындадым. Әкімшіліктің жұмысын жаңғырту, орталық және жергілікті билік органдарымен өзара тиімді іс-қимыл жасау тетіктерін жолға қою жөнінде бірқатар міндеттер қойдым», – деді Мемлекет басшысы.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қызылорда облысы әкімі қызметіне Ысқақов Қуанышбек Досмайылұлы тағайындалды.

Қ.Ысқақов 1968

жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Ы.Жақаев атындағы Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институтын – инженер-құрылысшы, Қызылорда политехникалық институтын бухгалтер-экономист, Қазақстандық инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетін заңгер мамандығы бойынша тәмамдаған.

1986-1988 жылдары Ауғанстанда Кеңес жауынгерлерінің шектеулі құрамында әскери борышын өтеген. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталған.

Еңбек жолын 1985 жылы Қызылорда жиһаз фабрикасында бірінші разрядты станокшы ретінде бастаған. 1993-2003 жылдары Қызылорда облысы бойынша салық комитетінде маман, инспектор, сектор менгерушісі, төраға орынбасары қызметтерін атқарған. 2003-2011 жылдары Батыс Қазақстан облысы бойынша салық комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы, Қызылорда облысы бойынша салық департаментінің бастығы, 2011-2015 жылдары Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынба-



сары, Қызылорда облысының қаржы басқармасының бастығы, Маңғыстау облысы бойынша салық департаментінің басшысы, Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы қызметтерін атқарған.

2015 жылдың шілдесі айынан желтоқсан айына дейін Қызылорда облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясының басшысы лауазымында болды. 2015 жылдың желтоқсан айынан бастап Қызылорда облысы әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

«СЫР БОЙЫ» ГАЗЕТІНЕ

Шежірелі шаңырақ

Уақыт деген ұлы күш тарихқа тағы бір зер салудың сәтін әкелді. Өйткені, аймақ аттас ата басылым – «Сыр бойы» газеті 90 жасқа тоқты.

Қуат ШАРАБИДИНОВ.



«ҚАНАТТЫ ҚАЛАМ – 2019»

Билік пен бұқараның дәнекері Сыр өңірінде БАҚ өкілдері мерекесі аталып өтті

Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұв «бұқараның көзі, құлағы һәм үні» деп атаған қалам ұстаған қауымның кәсіби мерекесіне орай А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Қанатты қалам – 2019» салтанатты шарасы өтті.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Билік пен бұқараның алтын көпіріне, дәнекер дәйегіне айналған бұқаралық ақпарат құралының қай қоғамда да жауапкершілік жүгі ауыр. Ұлтты ұйыстыруда, ел бірлігіне сызат түсірмеуге қалам қаруымен қызмет ететін журналист еңбегі өлшеусіз. Бүгінде облыста 100-ден астам бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейді. Уақыт сұранысына сай сапалы сайттардың қызметі медиа нарығында бәсекеге қабілетті қалып таңылып келеді. Кәсіби мереке қарсаңында ақжолтай жаңалық – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың журналистердің кө-



сіби мерекесін ресми түрде бекітуге тапсырма бергені болды. Бұл БАҚ-тың қоғамдағы ролін айқындай түсетін бастама. Сыр өңірінде бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік тапсырыс арқылы қолдау көлемі жыл сайын артып келеді. Мәселен, 2010 жылы мемлекеттік тапсырыс қаржысы 155 млн тенге болса,

2019 жылы 757 млн тенгеден асып отыр. Қаржылық қолдаудың 9 жылда 5 есеге өсуі қоғамда бұқаралық ақпарат құралдарының ролі ерекше екендігін айшықтай түседі. Салтанатты шарда облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов қалам ұстаған қауымды кәсіби мерекесімен құттықтады.

– Елімізде жаңалықтың жарышысы, билік пен халық арасындағы сенімді дәнекер бұқаралық ақпарат құралдарына деген ықылас ерекше. Сыр журналистерінің кәсібилігін шыңдау мақсатында халықаралық деңгейдегі форум, конференцияларға қатысу дәстүрге айналып келеді.

Билік пен бұқараның дәнекері

Өткен жылдың екінші жартысында Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында ақпарат саласы мейрамдарының қатысуымен өткен жиындар, Мәскеу қаласында өткен халықаралық медиа шаралар және биылғы жылдың мамыр айында өткен Еуразиялық медиа форумға БАҚ өкілдерінің қатысуы аймақ журналистикасына тың серпін берері сөзсіз, – деді Руслан Рүстемұлы.

Сондай-ақ журналистерді ұжымдық бірлікке тарту мақсатында БАҚ өкілдері арасында спорттық шараларды ұдайы ұйымдастыру дәстүрге айналды.



Мерекелік шара аясында бірқатар журналистер Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен, облыс әкімінің Құрмет грамотасы, Алғыс хат және түрлі номинациялар бойынша марапатталды.

Кәсіби мерекеді Қазақстан Журналистер одағының «Қазақстанның құрметті журналисі» атағын ұзақ жылдар бойы «Сыр бойы» газетінде фототілші болып қызмет атқарған, аймақтың фотожурналистері жасап, тарихқа айналдырған Болат Омарилиев иеленді.

Мерекеді биыл жарыққа шық-

қанына 90 жыл толып отырған Сыр елінің бас басылымы «Сыр бойы» газетінің бірқатар қызметкерлері де марапатталды. Атап айтқанда, басылым бас редакторының орынбасары Мұрат Жетпісбаев пен компьютер бөлімінің меңгерушісі Қуаныш Оразбаев облыс әкімінің Алғыс хатымен, жауапты хатшы Дәуржан Елубаев ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің Алғыс хатымен, аға тілші Айнұр Батталова «Сырлы сөз» номинациясымен марапатталды.

Жылдағы дәстүр бойынша С.Бермағанбетов атындағы жас журналистер байқауының жеңімпаздары анықталды.

«ҰШҚЫР ҚАЛАМ – 2019» Әріптестер мерейі

Қала әкімдігі жылдағы дәстүрге сай қалам ұстаған қауымға құрмет көрсетті. «Ұшқыр қалам – 2019» фестивалінде қала әкімінің орынбасары Мира Қазбекова журналистерді төл мерекемен құттықтады.

– Жыл сайын мереке қарсаңында қаламгерлер еңбегін марапаттау – игі дәстүр. Бұл – сіздердің қалтқысыз еңбектеріңізге деген құрмет. Қоғамдағы өзекті мәселелерді дер кезінде қозғап, оны шешуге қосқан үлестеріңізге алғыс. Ең бастысы, жаздарыңыз таусылмасын! Халыққа айтар сүйінші хабар мен билікке ой тастар салмақты дүниелеріңіз көп болсын! – деді Мира Жомартқызы.

Мұнан соң халық пен билік арасында алтын көпір бола білген

жаңалық жаршыларына қалық мәслихат хатшысы Роза Боханова – игі дәстүр. Бұл – сіздердің қалтқысыз еңбектеріңізге деген құрмет. Қоғамдағы өзекті мәселелерді дер кезінде қозғап, оны шешуге қосқан үлестеріңізге алғыс. Ең бастысы, жаздарыңыз таусылмасын! Халыққа айтар сүйінші хабар мен билікке ой тастар салмақты дүниелеріңіз көп болсын! – деді Мира Жомартқызы.

Мұнан соң халық пен билік арасында алтын көпір бола білген



газетінің тілшісі Айжан Жарманова, «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Ерхан Ақын мен қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі Жарқан Хуанышбай бар. «СБ» ақпарат.

Облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов жұмыс сапарымен Сырдария ауданында болды. Сапар аясында Мемлекеттік рәміздер алаңының ашылу салтанатына қатысып, аудан жұртшылығын құттықтады.

Молдір ҚАЛЫМБЕТ.

Жаңа мүмкіндіктер кезеңі



– Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, рәміздеріміз – халқымыздың рухын, ұлттық санасын, қаһармандығы мен даналығын, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Бүгін, міне, көк байрағымызды биікке көтеретін алаң аудан орталығынан да бой көтерді. Алдағы уақытта жанадан ашылған аллея патриоттық шараларды өткізетін орынға айналады деген сенімдемсіз, – деді Руслан Рүстемұлы алаңның демеушілер есебінен салынғанын атап өтті.

Мұнан кейін облыс әкімінің орынбасары аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ жұмысымен танысты. Тың идеяларды жүзеге асырып, жас таланттарды қолдауды мақсат ететін орталық жуырда жаңа ғимаратқа көшілті. Мұнда заман талабына сай техникалық құрал-жабдықтың барлығы бар. Мамандардың тірлігі мығым, бағдары байыпты. Жастардың бос уақытын тиімді өткізуді жүйелі жолға қойған. Оларды кәсіпке баулу мәселесін де шет қалдырмаған.

– Мәліметтерге көз жүгіртсек, аймақта NEEET санатындағы жастар санының жылдық көрсеткіші төмендеген. Өткен жылы ол 9,5 процентті құраса, биыл 8,3-ке азайған. Оған еңбек ресурстары балансының жыл сайын жаңаруы, «Облыс бойынша NEEET санатындағы жастармен жұмыс жасау жөніндегі іс-шаралар жоспарының», «Облыс бойынша мемлекеттік жастар саясатын дамытудың 2021 жылға дейінгі Жол картасының» іске асырылуы ықпал тигізіп отыр. Жаңа жобалар көп. Қазір жеті жұрттың тілін білуді әуелден мақсат еткендерге болашақтың есігі ашық. Бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да біліптерін өз елінде де, шетте де бөсекке қабілетті жаңа айналады. Осыны ескере келе, биыл «Free English club» жобасы енгізілуге асты. Бизнес әлеміне еркін сөзді септігін тигізген «Zhas Project» жобасы да идеясы мол, кәсіпкерлікке икемі бар жастарға қанат бітірді. Оған облыс бойынша бірнеше жас жобасын ұсынды. Жастар жылына орай Сыр өңірінде бірқатар тың бастамалар қолға алынады, – деді Қ.Жанұзақов.

Жіын барысында облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Баян Боранбаева жастарға салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау, олардың денсаулығын нығайту мен сақтауды тиісті дағдыларын қалыптастыру бойынша жүргізілген жұмыстарды тарқатса, Қармақшы ауданының әкімі Сұлтан Мақашов пен Сырдария ауданының әкімі Ганибек Қазанғазы аймақтағы жастар саясатының дамуын баяндады. Спикерлер IT технологияны игеру, қаржылық сауаттылықты қалыптастыру мақсатындағы жұмыстарға да тоқталды.

Күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланғаннан кейін облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов «Жастар жылы» аясындағы кешенді жоспардың қатаң бақылауда екенін айтып, басқарма басшылары мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берді. Сонымен бірге жастарды жұмыспен қамту, кәсіби бағыт-бағдар беру бағытында жемісті жұмыс жасап келе жатқан бірқатар азаматтар марапатталды. Көшпелі мәжіліс аясында облыс әкімінің орынбасары Айдарлы және Шіркейлі ауданды құрылған «Жастар бригадасының» мүшелерімен пікірлесіп, оларға сәттілік тіледі.

Сыбайластық абырой әкелмейді

Облыстық әкімдікте сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары бойынша атқарылған жұмыстарды талқылау отырысы өтті.

Айсауле ҚАРАПАЕВА.

Отырысқа сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департамент басшысының орынбасары Еркем Тілегенов, облыс әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Бақытжан Ідрісов, қала әкімінің орынбасары Мира Қазбекова және бейнебайланыс арқылы аудан әкімдерінің орынбасарлары, кент, ауылдық округ әкімдері қатысты. Мәжілісті облыс әкімінің кеңесшісі Мақсұт Нәлібаев жүргізді.

Күн тәртібінде Жаңақорған ауданындағы сыбайлас жемқорлық сипатында орын алған келенсіз жағдай талқыланды. Аталған мәселе бойынша Жаңақорған ауданы әкімі аппарат басшысының міндетін атқарушы Әбілхайыр Бегманов баяндама жасады. Ол ауданда заң бұзушылықты болдырмау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жасалып жатқан жұмыстар жайында мәлімет берді.

– Барлық кент, ауылдық округ әкімдеріне, бөлім басшыларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы профилактикалық жұмыстарға баса назар аударып, қосымша нақты іс-шараларды қабылдау тапсырылды. Сы-

байлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңының және әдеп кодексі талаптарының мүлтіксіз орындалуына әрбір қызметкерден бастап бірінші басшысына дейін жауапты болатындығы жөнінде жазбаша ескерілді. Мемлекеттік қызметшілер тарапынан өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыру және әдеп кодексінің талаптарын жете меңгеру үшін түрлі форматта құқықтық оқулар өткізілуде. Сондай-ақ, «NUR OTAN» партиясы Жаңақорған аудандық филиалының, аудандық прокуратураның, ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, басқа да құзырлы орган өкілдерінің қатысуымен бірқатар шара ұйымдастырылды. Одан бөлек барлық ауылдық округтерде халық арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді, – деді Ә.Бегманов.

Талқылау соңында М.Нәлібаев ұсынылған бірлестірілген мәселе бойынша сот шешімі қабылданғаннан кейін, тиісті басшыларға тәртіптік жауапкершілік қаралатынын айтты.

БРИФИНГ

Сыр өнімі – әлем нарығында

Сырдың күрші мен балығы, қауып-қарбызы әлем нарығында сұранысқа ие. Өнімімізде экспортталатын өнімдердің ішінде өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесі 94,5 процентті құрап отыр. 2013 жылғы сала бойынша экспортқа үш түрлі өнім шығарылса, мұның саны өткен жылы 16-ға жетті. Өнірлік коммуникациялар қызметінде облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Маржан Өмірбаева облыстың агроөнеркәсіп кешенін дамытудың агрокартасын жүзеге асыру барысын айтты.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Үстіміздегі жылдың қаңтар-мамыр айларында облыста ауыл шаруашылығы салысында 16,8 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 102,2 процентке артты. Сондай-ақ ауыл шаруашылығының негізгі қорына салынған инвестиция көлемі екі есеге артқан.

Егін жайына келсек, бүгінде аймақта егін егу жұмыстары толығымен аяқталды. Биылғы жылы өңірде барлығы 183,8 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылып, межелден 5,2 мың гектарға артық орындалған.

Мал басы өсімі де байқалады. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда мүйізді ірі қара 4,4-ке, қой мен

ешкі 3,6-ға, жылқы 13,1-ге, түйе 7,5 процентке өскен. Сондай-ақ кенже қалған құс шаруашылығын дамыту қолға алынды. 2016 жылы 15,1 тонна құс еті өндірілсе, өткен жылы 42,9 тоннаға жетіп, 2,8 есеге артқан.

Биылғы жыл енісінде жобалық құны 5,4 млрд теңгені құрайтын 9 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Олардың қатарында Қазалы ауданында «Сыр маржаны» ЖШС мен Иран компаниясының жылына 5 мың тонна ет өңдеу комбинаты бар. Қармақшы ауданында «Қармақшы құс» ЖШС-ның жылына 1500 тонна құс етін өндіретін құс фабрикасы мен өзге де ірі жобалар биыл іске қосыламақ.

Мерекелік марапат иелері

ҚР Президентінің алғыс хатымен		
1.	Қарабала Жағыппар Аманжолұлы	«Қазақстан» Республикалық Телерадиокомпаниясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры
2.	Әбдіқаримов Шәкізата Өтетілеуұлы	Ақын, тәуелсіз «Қоғам ТВ» телеарнасының құрылтайшысы
3.	Байтілес Ержан Айтөреұлы	«Нұр отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының орынбасары
4.	Тайжан Бахтияр Байдуллаұлы	Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі

ҚР Қазақстанның Журналистер Одағының «Қазақстанның құрметті журналисі» медалімен		
1.	Омаралиев Болат Шамаұлы	Ардагер-журналист

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің Алғыс хатымен		
1.	Елубаев Дәуржан Айтөреұлы	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінің жауапты хатшысы

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісі		
1.	Табынбаев Жұмабек Айдарбекұлы	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінің меншікті тілшісі

Облыс әкімінің «Құрмет Грамотасымен»		
1.	Суханбердиев Амангелді Нұрғаманұлы	Республикалық «Нұр Жан» журналының бас редакторы
2.	Крючкова Галина Долгачевна	Ардагер-журналист
3.	Ерімбетов Кеңжалы Райымбекұлы	Қалалық «Ақмешіт апталығы» газеті бас редакторының орынбасары
4.	Ли Юрий Владимирович	Республикалық «Казхастанская правда» газетінің меншікті тілшісі
5.	Башарова Гүлшара Есенбекқызы	«Қазақстан» РТРК» АҚ Қызылорда облыстық филиалының редактор-сараптаушысы
6.	Каймов Бақытжан Әлібекұлы	«Сыр медиа» ЖШС баспаханасының директоры

Облыс әкімінің номинациясымен			
1.	Тәжібаева Райхан Тоғызбайқызы	Республикалық «Хабар24» телеарнасының меншікті тілшісі	«Ақпарат» номинациясымен
2.	Сақтапова Шарина Мұхтарқызы	Республикалық «Астана» телеарнасының меншікті тілшісі	«Аймақ жаршысы» номинациясымен
3.	Биятова Аягерке Берікбекқызы	Республикалық «Qazaqstan» ұлттық арнасының меншікті тілшісі	«Әлеумет» номинациясымен
4.	Жақыпбек Нұрлан Жанакұлұлы	Республикалық «Хабар» телеарнасының меншікті тілшісі	«Үздік тележурналист» номинациясымен
5.	Бекенов Қамбар Ғалымұлы	Республикалық «Хабар 24» телеарнасының меншікті тілшісі	«Руханият» номинациясымен
6.	Қасымов Айсауле Жұмабайқызы	«Қазақстан» РТРК» АҚ Қызылорда облыстық филиалы директорының орынбасары	«Тұмар» номинациясымен
7.	Батталова Айнұр Сәрсенбайқызы	«Сыр бойы» газетінің аға тілшісі	«Сырлы сөз» номинациясымен
8.	Көлдес Дархан Нұрмағанбетұлы	«Қызылорда қоғамдық телерадиокомпания» ЖШС бас монтажері	«Үздік монтажер» номинациясымен
9.	Байназарова Миуа Қожасқызы	Республикалық «Тіл мерейі» газетінің бас редакторы	«Парасат» номинациясымен
10.	Мендібаев Алматы Дайрабайұлы	«Қазақстан» Республикалық Телерадиокомпаниясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалының телеоператоры	«Жанар» номинациясымен
11.	Ажарбаева Ботагөз Мирамбекқызы	Облыстық «Қызылордискне весті» газетінің аға тілшісі	«Қозқарас» номинациясымен
12.	Абдрахманов Ерлан Райымбекұлы	Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газетінің дизайнері	«Үздік дизайнер» номинациясымен
13.	Каленова Алтынай Арғынбайқызы	Республикалық «Ақмешіт ақшамы» газетінің есепшісі	«Ұжым ұйтқысы» номинациясымен
14.	Қайрақбаев Кеңжетай Балғабайұлы	Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті бас редакторының орынбасары	«Ұшқыр» номинациясымен
15.	Аллысбаева Бибайша Өтенәліқызы	«Ақпарат кз» газетінің бас редакторы	«Қаламгер» номинациясымен
16.	Ерхан Ақын Мұратұлы	Облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің жауапты хатшысы	«Ұшқын» номинациясымен
17.	Романкулова Гүлсім Айтмаханқызы	Облыстық ішкі саясат басқармасының бас маманы	«Ұтқыр» номинациясымен
18.	Тағыбергелін Абай Тағыбергеліұлы	Республикалық «Ұстаз мәртебесі» газетінің жауапты хатшысы	«Қуатты қалам» номинациясымен
19.	Саймұсаев Оңғар Әліұлы	Республикалық «Азаттық» радиосының меншікті тілшісі	«Сын сардары» номинациясымен
20.	Жахан Рыскелді Сәрсенұлы	Республикалық «Халық» газетінің тілшісі	«Спорт жаршысы» номинациясымен

Облыс әкімінің Алғысымен		
1.	Жетпісбаев Мұрат Ақынұлы	«Сыр бойы» газеті бас редакторының орынбасары
2.	Байшүленов Әлібек Абсәтұлы	Республикалық «Хабар 24» телеарнасының меншікті тілшісі
3.	Мұратова Айзада Маратқызы	«Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы» ЖШС редакторы
4.	Оразбаев Қуаныш Мақсұтұлы	Облыстық «Сыр бойы» газетінің компьютер бөлімінің меңгерушісі
5.	Құрманалиев Мәди Жасұланұлы	«Толқын» газетінің бас редакторының орынбасары
6.	Аймағамбетова Жәніс Ғапарқызы	Республикалық «Ақмешіт ақшамы» газетінің тілшісі
7.	Беркімбаев Ердос Сәрсенбекұлы	Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің бас редакторының орынбасары
8.	Айтжанова Айтқын Батырбайқызы	Қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі
9.	Исаев Жәнібек Мырқұлұлы	Облыстық «Қызылорда нұс» интернет газеті бас редакторының орынбасары
10.	Үмбетова Айнуір Құрманқызы	Республикалық «Халық» газетінің дизайнері
11.	Қабылша Толқын Шахарбекқызы	«Қазақстан» Республикалық Телерадиокомпаниясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалының редактор-жүргізушісі
12.	Ақмурзаева Ирина Муханбетияқызы	Республикалық «Сыр дидары» газеті бас редакторының орынбасары
13.	Жанабатырова Гүлжайна Мұратқызы	Республикалық «Ел тілегі» газетінің дизайнер-беттеушісі
14.	Қосбармақова Алтын Әділханқызы	Қазалы аудандық «Қазалы» газетінің тілшісі
15.	Дүзенова Гүлжанат Өмірқызы	Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы» газетінің жауапты хатшысы
16.	Жүсіп Елдос Айтөреұлы	Шіелі аудандық «Өскен өңір» газеті бас редакторының орынбасары
17.	Серкенбаева Гүлмира Нұрмағамбетқызы	Республикалық «Ұстаз үні» газетінің бас редакторы
18.	Шонғалова Лаура Кеңебекқызы	Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз хатшысы
19.	Ақтөре Ибрагимұлы	Сырдария ауданы әкімдігінің баспасөз хатшысы
20.	Елтаев Наурызбай Нұрмаханұлы	«Шарайна-Сейхун» газетінің дизайнері
21.	Ибраев Қанат Болатұлы	«Қазақстан» Республикалық Телерадиокомпаниясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалының инженері
22.	Қаражанова Бибінуір Жеңісқызы	Республикалық «Тіл сақшысы» газетінің тілшісі
23.	Нұрлыбаева Асия Қайратқызы	«Қазақстан» Республикалық Телерадиокомпаниясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалының редакторы
24.	Есенов Нұрдалы Тұрдалұлы	«Ақмешіт баспа үйі» ЖШС бас директоры
25.	Әбдіева Зибаш Әдікқызы	Республикалық «Ел тілегі» газетінің журналисі
26.	Есмаханбетов Аблат Бақытұлы	«Қазақстан» Республикалық Телерадиокомпаниясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалының бейнемониторингшісі
27.	Айымбетов Талант Талғатұлы	«Қазақстан» Республикалық Телерадиокомпаниясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалының жүргізушісі

С.Бермағанбетов атындағы жас журналистер байқауының жеңімпаздары		
1.	Сейдалиев Әзіз Әлібекұлы	«Үздік сюжет»
2.	Төрмұратова Айнуір Маманқызы	«Үздік мақала»
3.	Сайлауов Айдар Әділжанұлы	«Үздік жариялымы»

Жасампаз еңбектің игі жемісі

облыстың 2013-2019 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық даму динамикасы

Өнеркәсіп

Макроэкономикалық көрсеткіштердің ішінде экономиканың дамуына айрықша ықпал жасайтын қаржы буындарының бірі инвестиция болып табылады. Бұл орайда Сыр өңірінде аталған кезеңде көптеген жұмыстар атқарылды. Жыл сайын бірнеше рет инвестициялық форумдар өткізілді. Оған қатысқан шетелдік дипломатия және бизнес өкілдері өңірдің даму мүмкіндіктерімен, әлеуетімен танысты. Нақты айтқанда, осы форумдардың Сыр өңіріне инвестиция тартуға да айтарлықтай ықпал жасағанын атап өткізіміз келеді. Сонымен бірге инвестиция тартудың ішкі мүмкіндіктері де кеңінен пайдаланылды. Цифрларға жүгінесек, облыс экономикасына шамамен 1,7 трлн тенге тікелей инвестиция тартылды.

Соңғы 2018 жылдың өзінде инвестиция көлемі 25,5%, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі инвестициясы 37,6% өсті. Сонымен қатар, инвестициялардың өсуі кәсіпорындардың меншікті қаражаты салымының 22,4% артуы есебінен қамтамасыз етілген. Бұл аймақта нарықтық қатынастарға құрылған жеке-меншік белсенділігінің артқандығының айғағы болып табылады.

2019 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша инвестиция көлемі 2018 жылдың деңгейінен 89,8% өскенін, оның ішінде ауыл шаруашылығына тартылған инвестиция көлемі 2 есе арқанын айрықша атап өтуге болады.

2013 жылдан облыста 71 жаңа өнеркәсіп өндірісі іске қосылды. Индустриялық инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылған 24 жобаның 19-ы 2018 жылдың қорытындысы бойынша "жоспарлы қуатты"



– республикада экономика құрылымының өзгеруі қарқыны бойынша жоғары көрсеткіш болып табылатынын атап өткізіміз келеді.

Соңғы жылдары облыста кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау бойынша көптеген жұмыстар атқарылды. Соның нәтижесінде 2018 жылы Қызылорда облысы «Бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдай жасаған ең үздік аймақ» номинациясы бойынша «Алтын сапа» марапатына ие болды. Жұмыс істеп тұрған

лері дәстүрлі өнімдерден басқа Иранға экспорттау мақсатында сол елдің күріш сорттарын игеріп, өндіруді қолға алды. Ол тиісті нәтижеге жеткізіп келеді.

2016 жылдан бастап Ресейге бақша өнімдерінің экспорты қолға алынып, 2017 жылы Иранға, Араб Әмірліктеріне және Монғолияға көкөніс пен мал экспорттала бастады, ал 2018 жылы Қытайға алғаш рет мақсары майы жіберілді.

2013 жылы облыс ауыл шаруашылығы өнімдерінің 3 түрін (балық, күріш, кебек) экспорттаса, 2018 жылға қарай экспорттық өнім саны 15 түрге көбейді (мақсары майы, тірі қозы, ИКМ, түйе, күнбағыс және рапс тұқымдары, картоп, қызанақ, бақша өнімдері (қарбыз, қауын), өсімдік және жемдік дақыл (жонышқа) шырындары (экстракттар)).

2018 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты 18% астам өсті. Ескерте кететін мәселе, оның ішінде қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесі 97,7% құрады. (65,1 мың тоннадан 66,6 мың тонна).

Әсіресе, соңғы жылдары республикалық қаржы ұйымдарының ауыл шаруашылығын қолдауға арналған бағдарламаларын пайдалану жақсы нәтижеге жеткізді. Облыс шаруалары бизнес жүргізудің



облыстың жалпыөңірлік өнім құрылымындағы ауыл шаруашылығының үлесі 2,5%-тен 3,6%-ке дейін ұлғайды, бұл өңір экономикасының құрылымындағы сапалы өзгерістерге қол жеткізілгенін айғақтайды.

Егер 2013 жылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер агроөнеркәсіптік кешіне 1 млн доллар шамасында қаржы салса, 2018 жылы бұл көрсеткіш 15 млн долларды құрады. 2019 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының негізгі капиталына тартылған инвестиция көлемі 2 есеге өсті.

Құрылыс

Аймақта 2013 жылдан бастап 3,1 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Облыс орталығында 2013-2018 жылдары 15 жаңа шағын аудан салынды. Аталған кезеңде пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 2,6 есеге өсті. 2013 жылы 270 мың шаршы метр болса, 2018 жылы 700 мың шаршы метрді құрады. 2019 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 22,4% артты.

Облыста 2017 жылы апатты тұрғын үй мәселесі шешілді.

баспанадан тұратын 50 тұрғын үй, облыстық бюджет есебінен 50 баспананы құрайтын 25 тұрғын үйдің құрылысын салу туралы меморандумға қол қойылды. Барлығы 150 баспана және тұрғындарға ыңғайлы болу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығы да салынатын болады. 100 баспаналы 50 тұрғын үй ағымдағы жылдың 1 маусымында пайдалануға берілді.

Сонымен қатар құрылыс иелерімен облыс орталығында 248 пәтерді (4-5 қабатта) сатып алу туралы меморандум жасалды. Олар «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» арқылы ағымдағы жылдың мамыр айынан бастап халықтың аз қамтылған санаттарына, оның ішінде көпбалалы отбасыларға «Орда» аймақтық Жол картасы бойынша бастапқы жарнасыз берілетін болады.

Соңғы 4 жылда инженерлік инфрақұрылыммен 28,5 мың жер телімі қамтамасыз етілді. Нәтижесінде 2018 жылы пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 34,6% артты.

Әлеуметтік сала

Облыс халықтың жан басына шаққанда әлеуметтік салаға жұмсалатын шығыстар бо-

лып аймақтарында білім алуға. Бұл – республика бойынша ең жоғары көрсеткіш.

2013 жылдан бастап облыста қажетті мамандықтар бойынша аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан, әсіресе ауылдық жерлерден шыққан балаларды оқытуға әкім гранты тағайындалған. Бүгінде мұндай грантқа 900-ге жуық сирбойлық жас ие болған.

Соңғы 6 жыл ішінде 69100 жаңа жұмыс орны, оның ішінде 60 098 тұрақты жұмыс орны құрылды. Жұмыссыздық деңгейі 5,2%-те 4,8%-ке дейін төмендеді. Соңғы екі жыл ішінде бұл көрсеткіш орташа есеппен республикалық деңгеймен салыстырғанда төмен болды. Бұл бұрыннан еңбеккер саналатын онтүстік өңір үшін маңызды жетістік екенін атап өткізіміз келеді.

Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 2013 жылы 6,7% болса, 2018 жылы 4,2% дейін төмендеді. 2018 жылдың басында аудаларды аралау қорытындысы бойынша есепте тұрған өзін-өзі тиімсіз жұмыспен қамтыған және жұмыссыз 97,5 мың тұрғынның 68 мыңы, яғни 70% жыл ішінде жұмысқа орналастырылды!

Қызылорда қаласы және облыстың 7 аудан орталығының 4-і газдандырылды. 2017 жылы

Байқоңыр қаласына газ берілді. Нәтижесінде халықтың 63% табиғи газды тұтынуға мүмкіндік алды. 2018 жылы қалған 3 аудан орталығы – Жосалы, Терөзек және Жалағашқа көгілдір отын тартылды, 2019 жылы ауданишілік газ желілері жүргізіледі. Осылайша, жыл соңына дейін 70% халықтың табиғи газға қосылу мүмкіндігі туалады.

Облыс республикадағы халықтың 95% орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша ең жоғары көрсеткіштердің біріне қол жеткізді.

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктері тиімді пайдаланылады, атап айтқанда – кәсіптік-техникалық білім беру, спорт, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, көлік инфрақұрылымы, тұрғын үй-коммуналдық кешені және т.б. салаларда 116 жобаны (34 млрд тенгеден астам) іске асыру жұмыстары жүргізілуде.

Халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық орнату өңір экономикасының басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл орайда 4 жоба бойынша Еуропалық қайта құру және даму банкімен бірлесіп отырып, облыс орталығының жылу, су және электрмен жабдықтау жүйелерін, сондай-ақ жолаушылар тасымалы жүйесін жаңғырту бойынша жобалар іске асырылып жатқанын атап өткізіміз келеді.

2013 жылдан бастап апатты үйлердің орнына 645 отбасы жаңа пәтер алды.

Көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі шешілуде. Биылғы наурыз айында Б.Өтемұратовтың қоры қаражаты есебінен көпбалалы отбасылар үшін 100

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктері тиімді пайдаланылады, атап айтқанда – кәсіптік-техникалық білім беру, спорт, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, көлік инфрақұрылымы, тұрғын үй-коммуналдық кешені және т.б. салаларда 116 жобаны (34 млрд тенгеден астам) іске асыру жұмыстары жүргізілуде.

Халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық орнату өңір экономикасының басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл орайда 4 жоба бойынша Еуропалық қайта құру және даму банкімен бірлесіп отырып, облыс орталығының жылу, су және электрмен жабдықтау жүйелерін, сондай-ақ жолаушылар тасымалы жүйесін жаңғырту бойынша жобалар іске асырылып жатқанын атап өткізіміз келеді.

2013 жылдан бастап апатты үйлердің орнына 645 отбасы жаңа пәтер алды.

Көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі шешілуде. Биылғы наурыз айында Б.Өтемұратовтың қоры қаражаты есебінен көпбалалы отбасылар үшін 100

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктері тиімді пайдаланылады, атап айтқанда – кәсіптік-техникалық білім беру, спорт, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, көлік инфрақұрылымы, тұрғын үй-коммуналдық кешені және т.б. салаларда 116 жобаны (34 млрд тенгеден астам) іске асыру жұмыстары жүргізілуде.

Халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық орнату өңір экономикасының басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл орайда 4 жоба бойынша Еуропалық қайта құру және даму банкімен бірлесіп отырып, облыс орталығының жылу, су және электрмен жабдықтау жүйелерін, сондай-ақ жолаушылар тасымалы жүйесін жаңғырту бойынша жобалар іске асырылып жатқанын атап өткізіміз келеді.

2013 жылдан бастап апатты үйлердің орнына 645 отбасы жаңа пәтер алды.



50-ден 100% дейін игерді. Оның ішінде 12 кәсіпорын жоспарлы қуаттың 100% астамын игерген. Аталған кәсіпорындар шығарған өнім көлемі соңғы жылдары 32% өсті (2017ж. – 18,4 млрд тенге, 2018 ж. – 24,3 млрд тенге), ал ақшалай түрдегі экспорт көлемі 33% астам (2017ж. – 6,2 млрд тенге, 2018 ж. – 8,3 млрд тенге).

Аталған кезеңде экономиканың нақты секторында өнеркәсіптің өңдеу саласының өсімі біршама өскенін аймақтағы онды көрсеткіштердің қатарына жатқызуға болады. Атап айтқанда, өңдеу саласындағы өнім өндірісі 2013 жылмен салыстырғанда 2018 жылы 31,6% артты (ҚР бойынша – 11,9%).

Тек соңғы 3 жылда (2015-2018 жж) өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестиция көлемі 2,7 есе (272%) өсті. Еңбек өнімділігі – 12% астам, жұмыспен қамтылғандар саны – 21%, ал экспорт көлемі – 2,4 есе артты.

Жалпы өңірлік өнім құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2 есе ұлғайды (2013 жыл – 2,3%; 2018 жыл – 4,3%). Бұл

шағын және орта бизнес субъектілерінің саны соңғы жылда 13,1% және ағымдағы жылдың 5 айында 9,1% өскенін осының айқын дәлелі болып табылады. Бұл көрсеткіштің даму қарқыны бойынша облыс бүгінде республикада көш бастап тұр.

Ауыл шаруашылығы

Тәуелсіздік жылдары алғаш рет 2017 жылы облыста 500 мың тоннадан астам күріш жиналды. Бұл осы кезең ішіндегі ең жоғары, яғни рекордтық көрсеткіш болып табылады.

2018 жылғы қуаңшылыққа, сонымен бірге көктемнің кеш түскеніне қарамастан, күріштен мол өнім жиналды (500 мың тоннаға жуық). Мұндай нәтижеге соңғы жылдары сорттардың шығымдылығын 1,5-2 есе арттыру есебінен қол жеткізілді.

Қазір Монғолия, Түркия және Ауғанстан нарықтары игеріліп жатқанын айрықша атап өткізіміз келеді. Облыс ауыл шаруашылығы еңбеккер-



бүгінгі заманғы заманауи әдістерін меңгере бастады. Нәтижеде барлық мал түрлерінің саны бүгінде өңір үшін ең табысты 1993 жылғы көрсеткіштерден асып түсті.

Тағы бір онды нәтижені атап өту керек. Соңғы бірнеше жыл ішінде (2013-2018 жж.)

Аталған кезеңде өңірде балық аулау 2 есеге өсті. Бүгінгі күні облыста 8 балық өңдеу зауыты жұмыс істейді. Оның төртеуі 2013 жылдан кейін салынды. Нәтижесінде осы уақыт аралығында балық өнімдерінің экспорты 10 есеге өсті.

2013 жылдан бастап апатты үйлердің орнына 645 отбасы жаңа пәтер алды.

Көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі шешілуде. Биылғы наурыз айында Б.Өтемұратовтың қоры қаражаты есебінен көпбалалы отбасылар үшін 100



Жаңалықтың жаршысы, даналықтың дастаны



Жақсылық Рахматулла есімін Сыр елінің руханият шежіресінен ғана емес, күлді қазақ әдебиеті игі-жақсыларының қатарынан табуға болады. Облыстың ата басылымының 90 жылдығына орай дайындалып отырған мақала болған соң «Сыр бойы» газеті редакциясын 13 жылға жуық басқарған ардақты ағамыз, ұлағатты ұстазымыздың өмірдеріне нақтырақ тоқтала кетейін.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ.

Жақсылықтың жақсылығы

Ж.Рахматулла 1945 жылы 18 қыркүйекте Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында өмірге келген.

1971 жылы КазМУ-дің журналистика факультетін бітірген.

1979 жылдан бастап Жаңақорған аудандық «Коммунизм жолы», облыстық «Ленин жолы», Сырдария аудандық «Сырдария» газеттерінде жауапты қызметтер істеді. 1996-2008 жылдары облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы, біріккен кәсіпорында директор-редактор міндетін атқарды. 2009 жылдан бастап Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда облысындағы филиал директоры болды.

«Мәдениет қайраткері» төсбелгісін, Қазақстанның құрметті журналисі атағын алған. ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Жаңақорған ауданының, Тасбөгет кентінің құрметті азаматы.

Сонымен, ол кісі 1996 жылы көктемге салым облыстық «Сыр бойы» газетіне бас редактор болып келді. 1998 жылы газет өндірісі маңдайдан тер, қолдан май тамшылап қанатқан ратация жүйесінен офсеттік басылмаға ауысты. Интернет желісін пайдаланып, электронды пошта арқылы жұмыс істей бастады. Бұл жүйе уақыт ағымына салғанда мұнан да көшініктері мүмкін еді. Жаңа редактор оң жұмысының салмағына қосылған ауыр қол жұмысын жеңілдетудің барлық жолын қарастырды. Ол кісі жоғарының тапсырмасы мен ұжым сеніміне өте жауапты қарайтын.

«Сыр бойының» 2005 жылы Қазақстан журналистер академиясының ең мәртебелі жалпыұлттық журналистік сыйлығы «Алтын жұлдыз» белгісімен марапатталып, «Үздік аймақтық газет» аталымы бойынша сыйлық егеленуі Ж.Рахматулланың жанкешті еңбегімен тікелей байланысты. Газет 1979 жылы кеңестік жүйенің ірі марапаты «Құрмет белгісі» орденін алған екен. Бұл сонан кейінгі қол жеткізілген қолпаштау болды. Ал, 2006 жылы «Сыр бойы» ҚР Президентінің БАҚ саласындағы грантын жеңіп алды.



Жақан білікті басшы бола жүріп, редакцияның қырық қабат жұмысының арасынан саңылау тауып, шығармашылық жұмысымен де мындап айналысты. Сол жылдардың өзінде «Қолшатыр», «Алыстай берген аулым», «Өмір самалы», «Болшаққа сенім», «Ғұмыр дария», «Жібек жолындағы жұлдыздар» деп аталатын бірнеше көркем туындылары жарыққа шықты. Осы хикаяттар мен әңгімелерді қалдырмай оқып шыққандардың бірі өзіміз.

Ж.Рахматулланың өз оқырманына ерекше әсер, эстетикалық ой-сезім өрнегін сыйлаған шығармасы – «Менсуду» романы. Аузы дуалы ағаларымыздың бірі бұл шығарманы «Біздің заманың «Махаббат, қызық, мол жылдары» деп бағалапты. Әрине, бұл тегін айтыла салған сөз емес, оны осы туындыны оқып тауысқан адам нық айта алады.

Жақан газетке келген жылдары нарықтық экономиканың өндіріс пен шаруашылықтарға дендеп ене бастаған кезі еді. Дәл осы тұста мекеме-лер шаруашылық есеппен жұмыс істеуді бастады. Өз шығындарының орнын толтырып, пайда табу, өндіріс тиімділігін қамтамасыз ету тәсілдеріне көшті. Нарық талабы осылай болды.

Облыстық газеттің жаңа басшысы Жақсылық Рахматулла нарықтың осы талабын жете түсіне білген іскерлігін ала келді. Ол еңбекті және басқаруды ұйымдастыруды, жоспарлау мен қаржыландырудың негіздерін, шаруашылық есеп әдістерін, шығармашылық қызметкерлердің еңбегін ұйымдастыру, ақы төлеу жөніндегі салалық нормативтік актілер мен әдістемелік ұсынымдарды іс жүзінде асырды. Мұндай нәрселер ұжымның қарапайым мүшелерін еңбекке жігерлендірді.

Нарық талабына жауап беру үшін Жақан редакция жанынан «Дария» жеке кәсіпорнын құрып, шағын баспахана орнатты. Сөйтіп, «Сыр бойы» газетінің бірнеше қосымшасын шығаруды қолға алды. Баяғы жоспарлы экономиканың тапталуын жүйесінен шығар жолды бар деп білмеген, нарық заңын түсінбеген бір ағамыз сол кезде жаңашыл Жақанның бастамасын сынап мақала да жазды. Осы секілді сан кедергіні аттап өте алмай, тың іске қаражат салып, сан соғып қалғандар қанша? Ал, облыстық газеттің жаңа басшысы дәуір бағытын тап басты.

Газеттің «Махаббат» атты қосымшасына мені редактор қылды. Өлең жазды, лирикаға жақын деп есептеді. «Жарнама» атты қосымшаға Әділжан Үмбетті бекітті. Алдап басып, ақырын жүретін мінезі бар. Бұл есеп-қисапқа керек мінез. Ал, сатирик-жазушы Нұрмахан Елтай «Хан алып» қосымшасын шығарды. Бұл газетте бұралқы сөздермен бірге оқырманның ой көкжиегін кеңейтетін «красворд», «сканвордтар» басылып тұрды. Нұрекен осындай басқатырғыштарды өзі кү-

растыратын. Біз қосымша жұмыспен қатар газеттегі өз міндетімізді де атқардық. Есесіне еңбекқандық артты, шығармашылық ізденісіміз кеңейді. Осылайша, бас редактор газет ісінде әркімді бейімі мен қабілетіне қарай пайдаланды.

Жақсылық бас редактор болған кезінде журналистерді еңбегіне қарай атаққа ұсыну, сыйақы беру мәселесінен де кемшін болған жоқпыз. Бұған қоса материалдық жәрдем, емдеу-сауықтыру орындарына жолдама бөлу жайы да қарастырылды. Мәселен, «Мерке», «Жаңақорған» шипажайларымен келісім жасасып, жылына бір-екі қызметкердің демалысына жағдай жасалды.

Ж.Рахматулла – жас журналистерді тәрбиелеп, оларды шығармашылыққа бейімдеп, қатарға қосқан ұстаз. Бүгінде облысқа аты белгілі – Г.Жалғасова, А.Батталова, Қ.Шарабидинов, А.Тұңғышбаева, Қ.Әбдуов, Ә.Үмбет секілді бірқатар әріптесіміз өздерін «Жақанның шапанынан шыққанбыз» дейді. Осы тізімде өзім де бармын.

Алдағы жылы жасы жетпістің бесеуіне келетін Жақсылық ағамыз бүгінде елордамыз Нұр-Сұлтан қаласында тұрып жатыр. Балаларының жұмыс ыңғайымен сонда қоныс аударған. Барған-келгеннен бізді сұрайтын көрінеді, атымызды атамай, «Сыр бойының» жағдайы қалай дейді екен. Біз де ұстазымыздың аманлығын тілеп, хал-жағдайын сұрап біліп отырамыз.

Ол кісінің берген тәрбиесін біз бүгінде жеке басымызға ғана жаратпаймыз, асыл ағаның өнегесі басқаға көрсетері, ұлымізге де айналған.



Жарқырай бер, «Сыр бойы»!



Адамбыз ғой, қуанып күлеміз, күйзеліп жылаймыз. Неге? Жақсыны көріп, жақсы хабарды естіміз, біреудің биікке қол созып оған жеткені қызықтырады, ал екінші бір жандардың жүріс-тұрысы, сөз сантауы көңіліңді бұзып тұрады. Көп жайды өзі ғана көңіліне түйгендей, көң дүниені бір өзі жасап, оны шексіз сүйгендей, сойлейлі-ау келіп імен-бі. Мұндай жайларды үлкеніңен соң, еріксіз аңғарды екенсің, тіпті таңғалады екенсің. Мұны маған осы ғажап өмір, көлкіген көңіл айтқызып отыр. Неге?

Арта қалған жылдарымның біразы, ең бақытты шағым облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінде өткенін аса сағынышпен еске аламын. Несібелі Рахметова мен Әрсенқұл Бихожиева сінділерім келгенше «арпа шінде бір бидай»

болғаным ойға оралып отыр. Жасы үлкендері қарындас, жасы кішілері апа деп құрметтеді. Мен де «қалам тұзбын» деп орынсыз еркелегем жоқ, елу алты күндік сәбімді бесікке бөлеп қалдырып, міндетті қызметіме шығып жүрдім.

– Аға, – дедім бір күні секретариатта істейтін Қалыбай Бөрсекевке, – мені түнгі газет кезекшілігіне шығара беріңіз, бөпем бүгін бір жасқа толды.

– Әй, Рысты-ай, – деді, – соны кім аңғарып жатыр, сәбің жылайтын болды-ау, әзір айтпасаң да болатын еді ғой.

Иә, сол бір кездері жалғыз мен бе, біраз әйелдер газетте еңбек етті ғой. Сара Қарабаева, Маржан Көбегенова, Ғани Тілеубергенова, Жұмазия Қоңбаева, Ұлдай, Дүся

не қойылмайды. Бұл, әрине сапасыздыққа ұрындырады. Осы жайларды еске алғанда, мен «Сыр бойы» газетінің келбетінің биік болуына әр кезінде еңбек еткен әйелдер үлесінің мазмұндылығына қуанып отырмын. Орайы келгенде бір кинодан көргенімді айтайын. Қайта-қайта орден алған күйеуіне әйелі өкпелеп жатыр:

– Көбейгір-ау, сенің мұнша құрметке бөленуің менің арқам емес пе? – Әлгі егде орыс әйелі жылап тұр. – Тамағың дәмді, киімің таза, үйің жинақы болмаса, сенің ісінде береке болар ма еді? Менің үйдегі еңбегімді кім бағалайды?..

– Ау, кемпірім-ау, мен дейсін бе, Үкіметке айтсайшы, мен дейді шалы шек-сілесі қатып.

– Үкімет деген адам емес пе, адамды адам сыйламаса не болады?..

Осыларды қағазға түсіргенде мен ұсақсыз ірінің болмайтынын,

жапырағы жайылса бәйтеректің тоңбайтынын еске алып отырмын... Шүкір, қанша қиыншылық, аумалы-төкпелі жағдайлар болып жатса да, үлкеніміз, кішіміз, ер азаматтар, әйел, қыздар бір кісідей болып, бір жеңнен көл, бір жағадан бас шығарып, газетті сапалы, уақытылы жарық көруіне үлес қосқанмыз есімізге және мақтаншым етеміз.

Облыс айнасы алыстағы, жақындағы жүзеге асып жатқан жайлардан халықты хабарлар етуде, ұл-қызды жақсылыққа жетелеуде, адамгершілікке тәрбиелеуде, елін, береке болар ма еді? Менің үйдегі еңбегімді кім бағалайды?..

Жарқырай бер, облыс айнасы – «Сыр бойы»! Бұл – өзіңде еңбек еткен әйелдер тілегі.

Жұмаш Қонақбаев Семей облысының Каркалы қаласында жұмысы отбасында дүниеге келді. 1928-1930 жылдары Каркалы қаласындағы педтехникумды тәмамдағаннан кейін ол ғана уақыт мұғалімдік қызмет атқарып, 1931-1937 жылдары Алматы педагогикалық институтына оқуға түсті. Оны бітірген соң 1938-1940 жылдары «Октябрь балалары» газетінде алдымен редактор орынбасары, содан соң жауапты редактор болып қызмет атқарды.

Осыдан кейін де «Лениншіл жас» газетінің жауапты хатшысы, жауапты редактордың орынбасары болды. Бір жыл әскер қатарында болып қайтқан соң қайтадан «Лениншіл жастың» жауапты редакторының орынбасары қызметін атқарды. 1941 жылдан 1945 жылдың қыркүйек айына дейін қауіпсіздік органдарында жұмыс істеді. 1945 жылдың қыркүйек, 1946 жылдың наурыз айлары аралығында қайтадан «Лениншіл жас» газеті жауапты редакторының орынбасары міндетін атқарды.

Ал, 1946-1948 жылдары «Қазақстан пионері» газетінің жауапты редакторы болды. 1948-1951 жылдары Мәскеудегі жоғары партия мектебінде оқыды. 1951 жылы 14 қыркүйекте ҚКП Орталық Комитетінің ұйғарымымен Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетіне жауапты редактор болып тағайындалды. Ж.Қонақбаев бұл жұмысты 1953 жылдың 1 шілдесіне дейін атқарды.

Рысты БЕКБЕРГЕНОВА, журналист, зейнеткер.



Базарбай САРБАСОВ



Б. Сарбасов 1911 жылы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында дүниеге келді. 1927-1929 жылдары Түркістан қаласындағы ФЗО мектебін бітіріп, паровоз депосында жұмыс істеді. Бұдан кейін Алматыдағы ВКП (б) Өлкелік комитеті жанындағы газет қызметкерлерін дайындайтын 6 айлық курсты тәмамдап, 1930-1935 жылдары Коммунистік журналистика институтында білім алған соң «Теміржолшы» (Түрксіб темір жолы) газетінде жауапты хатшы болып жүргенде 1942 жылы әскер қатарына алынды. Соғыста ерік көрсеткен ол атқыштар ротасына командир болды.

Б.Сарбасов соғыстан оралған соң 1945-1946 жылдар аралығында бұрынғы «Теміржолшы» газеті редакторының орынбасары болып қайтадан бейбіт еңбекке кірісті. Ал, 1946 жылы талантты журналист-жауынгер Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетіне редактор болып тағайындалды. Ол бұл қызметті 1949 жылдың тамызына дейін атқарды.

Сүлеймен СЕЙТОВ



С.Сейтөв 1912 жылы Қызылорда облысы Қазалы қаласында дүниеге келді. 1929-1934 жылдары Алматы қаласындағы «Медрабфакт» тәмамдағаннан кейін екі жыл Қызыл Армия қатарында болды. Төрт жыл Алматыдағы Коммунистік журналистика институтында оқыды. Бір жыл облыстық партия комитетінде нұсқаушы болған соң, 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып онда маңызды әскери міндеттер атқарды. 1946 жылы әскерден келген соң Қызылорда қалалық, Сырдария аудандық партия комитеттерінің екінші хатшысы болып жұмыс істеді.

Ол 1949-1951 жылдары Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінің редакторы болды. 1951-1954 жылдары Мәскеудегі жоғары партия мектебін бітіріп, ізінше Целиноград облыстық «Есіл правдасы» газетінде редакторлық қызмет атқарды. 1960-1964 жылдары облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, ал 1965 жылы баспаға жөніндегі облыстық басқарманың бастығы болды.

С.Сейтөв екі «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы», «Еңбек Қызыл ту» ордендері, алты медалмен нағарталды.

Жұмаш ҚОНАҚБАЕВ



Жұмаш Қонақбаев 1915 жылы Семей губерниясына қарасты Каркалы қаласында жұмысы отбасында дүниеге келді. 1928-1930 жылдары Каркалы қаласындағы педтехникумды тәмамдағаннан кейін ол ғана уақыт мұғалімдік қызмет атқарып, 1931-1937 жылдары Алматы педагогикалық институтына оқуға түсті. Оны бітірген соң 1938-1940 жылдары «Октябрь балалары» газетінде алдымен редактор орынбасары, содан соң жауапты редактор болып қызмет атқарды.

Осыдан кейін де «Лениншіл жас» газетінің жауапты хатшысы, жауапты редактордың орынбасары болды. Бір жыл әскер қатарында болып қайтқан соң қайтадан «Лениншіл жастың» жауапты редакторының орынбасары қызметін атқарды. 1941 жылдан 1945 жылдың қыркүйек айына дейін қауіпсіздік органдарында жұмыс істеді. 1945 жылдың қыркүйек, 1946 жылдың наурыз айлары аралығында қайтадан «Лениншіл жас» газеті жауапты редакторының орынбасары міндетін атқарды.

Ал, 1946-1948 жылдары «Қазақстан пионері» газетінің жауапты редакторы болды. 1948-1951 жылдары Мәскеудегі жоғары партия мектебінде оқыды. 1951 жылы 14 қыркүйекте ҚКП Орталық Комитетінің ұйғарымымен Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетіне жауапты редактор болып тағайындалды. Ж.Қонақбаев бұл жұмысты 1953 жылдың 1 шілдесіне дейін атқарды.

Хамза СВЫДЫКОВ



Х.Сыздықов 1904 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласында дүниеге келді. 1921-1926 жылдары Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының үшінші курсы бітірді. 1926-1929 жылдары Сарыағаш селосындағы жеті-жылдық мектеп директоры болып, ал, 1929-1930 жылдары Келес аудандық халық ағарту бөлімін басқарды. Бұдан кейін екі жыл осы аудандық партия комитетінде бөлім меңгерушісі болды. 1937 жылы Октябрь аудандық «Социалистік жол» газетінде, 1938-1942 жылдар аралығында Семей облыстық «Қызыл ту» газетінде бас редакторлық қызметтер атқарды.

Х.Сыздықов 1943-1950 жылдар аралығында Мәскеуде алғашында жартыжылдық, содан соң біржылдық газетін қызметкерлерін дайындайтын (ВЛКСМ, ВПН) курстарда оқыды. 1953 жылы ҚК Орталық Комитетінің шешімімен Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінің редакторлығына тағайындалды. Х.Сыздықов бұл жұмысты 1965 жылдың шілдесіне дейін атқарды. Редакторлықтан ауысқаннан кейін ол 1963 жылдың мамырына дейін «Ленин жолы» газеті редакторының орынбасары қызметін атқарып, зейнетке шықты.

Зейнулла ЖАРҚЫНБАЕВ

3. Жарқынбаев 1914 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданына қарасты №18 ауылда дүниеге келді. 1930-1931 жылдары Алматы қаласындағы құрылыс техникумында оқып, одан кейін 45 жыл құрылыста болып еңбек етті. 1935-1938 жылдары Коммунистік журналистика институтын тәмамдап, Қызылорда облыстық газетінің жауапты хатшысы міндетін атқарды. Бұдан кейінгі екі жылда Калинин әскери округінде Қызыл әскер қатарында содағы әскери газетте тілші болды. 1940-1942 жылдар аралығында облыстық, аудандық партия комитеттерінде жұмыс істеді. 1944-1945 жылдары республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде бөлім меңгерушісі болған З.Жарқынбаев үш жыл Мәскеудегі жоғары партия мектебінде оқып, жоғарыдағы газет редакторының бірінші орынбасары қызметіне тағайындалды. Онда төрт жыл қызмет атқарды. Осыдан кейін Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінде қызмет етті. З.Жарқынбаев 1955-62 жылдары Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінде редактор болды. Бұдан кейінгі алты жыл көлемінде облыстық және атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарды. «Еңбек Қызыл ту», «Күрмет белгісі» ордендері және КСРО медальдары, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Күрмет грамотасымен нағардалды.



Узақ БАҒАЕВ

У.Бағаев 1930 жылы Алматы облысы Кеген ауданына қарасты «Алғабас» с/м-інің аумағында дүниеге келді. 1947 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түсіп, оны 1952 жылы бітіріп шықты. Бұдан кейін 1952-1956 жылдары республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде алдымен әдеби қызметкер, одан соң бөлім меңгерушісі болып қызмет істеді. Талантты журналист 1962 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұйғарымымен Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетіне редактор болып тағайындалды. Ол бір кезінде 1968 жылдан қазан айына дейін атқарды. Осы кезеңде жүркен кезінде облыстық партия комитетінің мүшесі, еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің депутаты болып сайланды. 1968-1973 жылдар аралығында У.Бағаев Талдықорған облыстық «Октябрь туы», республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы болды. КСІП Орталық Комитетінің мүшесі, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Қаламы қарымды журналист шығармашылықта да үлкен бестерге жетті. Оның бірнеше очерктер жинағы кітап болып шықты. Топтама жинақтары да мол ұлсе қосты.



Қалқабай ӘБЕНОВ

Қ.Әбенов 1922 жылы 25 қазанда Сырдария ауданына қарасты №2 ауылда дүниеге келді. 1940 жылғы Ташкент педагогика училищесін бітірді. Еңбек жолын Ташкент облысы Қарасу ауданындағы Ә.Науаи атындағы мектепте мұғалім болудан бастады. 1942-1944 жылдар аралығында әскер қатарында болды. Соғыс біткеннен кейін Ташкент облысы Жаңа жол ауданындағы В.Молотов атындағы мектепте, Қызылорда облысы Сырдария ауданындағы «Бірлік» мектебінде қызмет етті. Облыстық оқу бөлімінің инспекторы болды. 1949-1956 жылдары облыстық партия комитетінде нұсқаушы, нәсіхат секторының меңгерушісі, 1956-1962 жылдары Шіелі аудандық «Коммунизм жолы» газетінде редактор, облыстық партия комитетінде лектор, лекторлар тобының меңгерушісі, мектеп бөлімінің меңгерушісі болып істеді. Ол кісі осы жылдары Қызылорда педагогика институтын, СОКП Орталық комитеті жанындағы жоғары партия мектебін бітірді. Қ.Әбенов 1968 жылдан 1985 жылы зейнетке шыққанға дейін облыстық «Ленин жолы» газетінің редакторы болды. «Күрмет белгісі», «Халықтар достығы», «Отан соғысы» ордендерінің, бірнеше медальдардың иегері.



Нұрдала УӘЛІМУЛЫ

Нұрдала Уәліұлы 1929 жылы Терөзек ауданындағы (қазіргі Сырдария) Асар Тоқмағамбетов ауылында туған. Қызылорда педагогика институтының тарих факультетін бітіріп, мамандығы бойынша жұмыс істеді. Аулаң, облыс денгейіндегі комсомол жұмыстарында болды. 1963-1973 жылдар аралығында ол облыстық «Ленин жолы» газеті редакторының орынбасары қызметін атқарды. Осы жылдары «Қазақстан баспасөзі Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты тақырыпта жертеп, тарих ғылымының қалыптасуына дәрежесі алды. Н.Уәліұлы 1973 жылы облыстық партия комитетіне жауапты жұмысқа жіберілді. Ол мұнда 12 жыл қызмет етті, ғылым және оқу орындары, нәсіхат және өткіз, ұйымдық-партиялық жұмыс бөлімдеріне басшылық етті. 1985-1991 жылдары «Ленин жолы» газетінің редакторы қызметін атқарды. Отан алдындағы сиырнен еңбегі үшін «Күрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Күрмет грамотасымен марапатталған. Ширек ғасыр бойы Қызылорда облыстық, қалалық кеңес-терінің депутаты болып сайланды.



Әскербек РАХЫМБЕКҰЛЫ

Әскербек Рахымбекұлы 1942 жылдың наурыз айының 22 жұлдызында Сырдария ауданының қазіргі Қоғалық ауылында дүниеге келген. Қызылорда пединститутының филология факультетін (1960-1965 жыл), Алматы Жоғары партия мектебін (1980-1982 жыл) бітірген.



«СЫР БОЙЫ»-90

Біз ол кісіні «Дос-аға» дейтінбіз

Облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінің редакциясына 1971 жылы аудандық «Сырдария» редакциясынан ауысып келдім. «Еңбекшілер хаттары» деген бөлімге. Екі жылдай уақыт өтер-өтпесте мені редактор Қалқабай аға Әбенов шақырып алып: «Шырағым, біздің шатақ шалымыз сені қалап отыр. Партия тұрмысы бөліміне. Досмағамбет Тасекеев. Осы қазір бұйрық жазамын» деді. «Қалек, мен партияда жоқпын ғой...» дей бергенімде, «Білемін, қазір коммунист болмасаң, ертен боласың» деді. Сонымен, басым салбырап «партия тұрмысы» бөліміне ауыстым.



Редакцияда 7 бөлім бар. Сол бөлімдердің екеуі партия тұрмысы мен ауыл шаруашылығы бөлімдерінің меңгерушілері редакция алқасының мүшесі (редколлегия) екен. Айлық жалақысы басқа бес бөлім меңгерушілерінен 10 рубль артық алады. Редколлегия мүшелігіне обкомның бюросында бекітіледі. Білгенім: Дос-ағаның сондай бір постартықшылығы бар екен. Ал редакциядағы редколлегия мүшелері: редактор, оның екі орынбасары, жауапты хатшы (оны жауапты дейді қысқартып), екі бөлім меңгерушісі.

Бір бөлмеде бірге отырғасын көп жағдайға қаныға түссемін. Алғашқы ангарғаным: бұл адамның сөйлеу лексиконы да, жазу мәнері де редакциядағы шығармашылық қызметкерлердің ешбіріне ұқсамайды. Бөлек. Өзінің «жаргондары» құдай аман, бытық-сытық, жапырақсыз қу ағаш, ант атқан, бездарный... болып келеді.

Қысқасы, «қызық» адам. Ол кезде партиялық бағылымдар (айталық, барлық облыстық, республикалық газеттер мен «Партия тұрмысы» журналы) бас мақаласыз жарық көрмейді. Әр айға бас мақалалар жоспарланады, оны обком бюросында бекітіріп алады. Редколлегия мүшелері және бөлім меңгерушілері айына 2 бас мақаладан жазды. Әр бас мақалаға айлық жалақысына қосып 30 сомнан 60 сом (рубль) алады. Кейін 40 сомнан 80 сомға өсті. Айтайын дегенім, Дос-аға бір бас мақаласын бөліп, бөліп үш күн жазды. Бас мақаланың көлемі асқанда 3 немесе үш жарым беттен аспауы тиіс. Соны үш күнге созады. Неге өйтпеді? Білмедім.

Иә, Дос-аға қызық кісі еді. Сырттан телефонмен хабарласқандарға әуелі: «Ленин жолы, Тасекеев» деп алмай сөз бастамайды. Кейде қысқа жауаппен тілдеседі, кейде бір сөзден кетсе, ана жазғанның миын атала қылып жібереді. Ал бөлімге арнайы келген кісілердің кейбірімен көңілді әңгімелесіп, апақ-шапақ болып қалады. Кейбір көңіл қаламайтын кісілерді кесір сөздермен шала «ауыштыңдырып» жібереді. Сонда Дос-аға не дейді дейсіздер ғой. Карл Маркстен, Лениннен, «партия тарихынан», съездерден цитаталарды шұбырғады. Анау кетейін десе, кете алмай басымыңдыз болып отырады.

Ал осыдан кейін Дос-ағанды «қызық кісі» демей көріңіз. Кейде екеуара әңгімемізде көркем әдебиеттің теорияларын еске алады. Орыс әдебиеті және әлемдік әдебиет классиктерінен оқығандарын айтып біраз жерге апарып тастайды. Бір күні Алматыдан бір ақын әйел келіп Дос-ағанды әңгімесі жарасып біраз пікірлесті. Меніңше, сол әйел Тамарина Руфь болар. Кім екенін ұмытып қалыппын. Әңгіме барысында ағамыз Пушкиннің өлеңдерін, Онегинді жатқа сұңқылдатты. Ана әйел маған қарап басын шайқайды. Таң-тамаша. Әл-гіндегі қазақ шалы Дос-аға орысқа айналып кетті. Мен де іштей риза болып отырмын. Әңгімелерінің аяғында әлгі әйел Дос-ағана келген шаруа кезде Дос-аға кабинетке келген сигаретін құшырлана бір сорып алып: «Атана нағылет», — дейді. Түстен кейін баладай Мәкең «Дос-аға!» — деп жетіп келеді. Дос-аға еңкілдеп күледі, Мәкең де күледі. Иман-ды болғыр, екеуі де бірінен бірі өткен қызық кісілер еді.

Көрген-білгенімді еске алып отырған мен Дос-ағаның өмірбаянын анық білмеймін. Сұрадым. Сұрасам да айтады. «Менің өмірім – олжа өмір ғой» дейтін де қоятын. Сырттағылардан есіткенім: ол кісінің әкесі көдімгі көп кедейлердің бірі болыпты. Дос-аға мектептен кейін паравоз машинісінің көмекшісі болып бастапты еңбек жолын. Қызылорданың пединститутынан сырттап оқып, орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі мамандығын игерген. Соғыстан бұрын қалалық әскери комиссариатта істеген. Соғыста айыпталу батылында болғанға ұқсайды. Рас па, жалған ба? — білмедім. Соғыстан кейін обкомда істеген. Обком әуелі облыстық жазушылар ұйымының жауапты хатшысы, кейін облыстық газет редакциясына бөлім меңгерушісі етіп жіберген. (Партия тұрмысы бөлімін обкомдегілер «ведущий отдел» дейді).

Дос-ағаның өмірі аянышты еді. Өрине, менің көңілімде. Қаланың қар ортасында соғыстан кейін өзі салды алған хужиясын қосқанда шағын 4 бөлмелі үйінде 3 жан тұратын. Өзі, әйелі Паша апа-

арнайы кездесуге келген екен. Әңгімесін рахаттанып тыңдады. Кейін сондағы кездесуді есіне салғанымда Дос-аға жігіт шағы есіне түскен шығар, көңілденіп, бір жасап қалды. Сол күні Әнуар ағамыз Дос-ағамен бірге болған. Паша апай үшеуі ұйықтамай таң атқанша әңгімелескен. Сондағы әңгімелерінің шет жағын айтып берді. Қонақ ишеді екен. Ішіп жарытпады. Тағамды да көп алмады, — деді.

Жалпы Дос-аға тағдырлы адамдармен көп араласқан. Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясын орыс тілінде оқыпты. Қатты мақтады. «Сюжеті тек ақиқат шындыққа құрылған және соны қандай тамаша жаза алған. Бұл жағынан оның трилогиясы Мұқаннның Абайынан озып тұр. М.Әуезов эпопеясында әшекейлеу басым, басынан аяғына дейін поэзия. Ғабитта да үфілеу-сүфілеу көп», — деп тағы-тағы сондай кесек ойлар айтамын.

Бір күні жұмыс аяғында «бүгін үйде бір кісі болады. Үйге жүр, сол кісіні екеуміз ортаға алайық», — деп ертіп

кетті. Кісісі келіп отыр екен. Паша апай дастарханды жасап қойған. Жұнып отыра қалдық. Дос-аға да сұғанақ емес. Шамалы қарбытты да шайға бірыңғай қарады. Кісісі — жазушы Сыдық Алдабергенов ағамыз екен. «Социалистік Қазақстан» газетінің қолжазбасын алып келіпті. Паша апайдың айтуында бұл кісі жинағын баспаға тапсырар алдында ылғида Дос-ағана арнайы келіп, оқып береді екен.

— Ал, баста, — деді Дос-аға. Қонағы қоныр дауысымен оқи бастады. Қолжазбаны аяқтау ұзаққа кетті. Мен жалықтым. Рұқсат сұрап қайтып кеттім. Ертеңіне сұрасам, Дос-аға: «Орташа роман ғой. Білгенімді айтып берсең бердім. Өзіңнің тілі жақсы. Ауылдың тілімен жазды» деді.

Паша — апайдың шын аты емес, Дос-ағаның қойған аты. Апаңыз болмаған жақсы адам еді. Тілі майда, дауысы жұмсақ. Алай облыстық статистика басқармасының қызметкері әрі бастауыш партия ұйымының хатшысы болатын.

Өкінішке қарай, Дос-аға 60-жасқа толып зейнетке шыққан күннің ертеңіне қалалық ауруханадан бір-ақ шығды. Сонда жантәсілім етеді. Артында Паша апай екі көзінен айырылып, отырып қалды. Тосыннан болған бұл нектен трагедия, — деп ішім ұдай ашыды. Екеуі де ешкімге жазғыр жоқ адал еді ғой, — деп іштей қатты қалапандым. Араға аз уақыт салып Паша апай да кетті.

Міне, осындай тағдыр. Айтпақшы, Дос-ағаның биыл қайтыс болғанына 40 жыл, туғанына 100 жыл... Ол кісі жүрегімізде Дос-ағамыз болып қалды.

Айжарық СӘДІБЕКҰЛЫ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның құрметті журналисі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері.

Еңбек жолын Сырдария аудандық «Сырдария» газетінде бастап, әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып істеген (1965-1969 жыл). Кейін облыстық партия комитетінде нұсқаушы қызметтерін атқарды (1982-1985 жыл). 1971 жылдан бастап «Ленин жолы» («Сыр бойы») газетінде еңбек етіп келді. 1971-1980 жылдарда жауапты хатшының орынбасары, тілші, 1985-1991 жылдарда редактордың бірінші орынбасары, 1991-1996 жылдарда бас редактор, 1996-2003 жылдары бас редактордың орынбасары қызметін атқарды. Әскербек Рахымбекұлы — танымал ақын, бірнеше жыр жинақтарының авторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. «Жалын» баспасы жабық бөлігіннің жүлдесін екі мәрте иеленген. Ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен нағардалған.

Жақсылық РАХМАТУЛЛА

Жақсылық Шайманұлы Рахматулла 1965 жылы Қызылорда облысы Жаңақорған қонысында туған. 1971 жылы ал-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетін тәмамлады. 1966-1978 жылдары Жаңақорған аудандық «Коммунизм жолы» (қазіргі «Жаңақорған тынысы») газетінде бөлім меңгерушісі, Қызылорда облыстық баспасының бөлім басшысы болып істеді. 1985-1996 жылдары Сырдария аудандық «Сырдария» газеті баспа кәсіпорнының редактор-директоры қызметін атқарды. 1996 жылдан ақпаннан 2008 жылға дейін облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы болды.



Серік ІПНАЗАР

1954 жылы 1 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысында туған. Қазақ Ұлттық мемлекеттік университеті мен Алматы жоғары партия мектебін бітірген. 1979-1980 жылдары «Өнер» баспасының редакторы, 1980-1982 жылдары Жамбыл облысы Красногор ауданы «Коммунизм жолы — Путь к коммунизму» газетінің бөлім меңгерушісі, 1982-1984 жылдары Шіелі ауданы «Өкпен өңір» газетінің жауапты хатшысы, 1985-1988 жылдары редактордың орынбасары, 1990-1991 жылдары Қызылорда облысы партия комитеті идеология бөлімінің нұсқаушысы, 1991-1996 жылдары облыстық «Ленин жолы» («Сыр бойы») газеті бас редакторының орынбасары, бірінші орынбасары, 1996-1998 жылдары облыстық теле-радиокөпмәниінің төрағасы, 1998-2000 жылдары облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. 2000-2008 жылдары «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі болды. 2008-2010 жылдары облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы қызметін атқарды. «Көзке» аты паролдар жинағы жарық көрген. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Бірнеше медальмен марапатталған.



Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ

1956 жылы Қызылорда облысы Сырдария ауданы Абай ауылында туған. 1974 жылы Қызылорда қаласындағы №212 орта мектепті бітірген. Білімі — жоғары. 1983 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика мамандығы бойынша бітірген. 1983 жылдан облыстық «Ленин жолы», (қазіргі «Сыр бойы») газетінде корректор, тілші, 1990 жылдан 2007 жылға дейін осы газетте жауапты хатшының орынбасары, сектор меңгерушісі, бөлім басшысы болып қызметтер атқарды. 2007-2012 жылдары «Сыр бойы» газеті бас редакторының кеңесшісі, бас редактордың орынбасары, бас редактор болды. 2012 жылдан қазірге дейін газеттің бөлім меңгерушісі. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қызылорда облысының Күрмет грамоталарының иегері және бірқатар шығармашылық конкурстардың жеңімпазы. «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» медалімен марапатталған.



Нұрболат АМАНЖОЛОВ

1986 жылы 17 маусымда Қызылорда облысында туған. ал-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. Әлеуметтік ғылымдар магистрі. Жастарға арналған «Жасын» газетінің бас редакторы, республикалық «Айқын» газетінің қызметтерін атқарды. 2012-2013 жылдары облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы болды.



Жұматалы ӘБДІРАМАН

1954 жылы 21 қазанда Арал ауданы Бөген ауылында туған. 1980 жылы ал-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Білімі — жоғары. Еңбек жолын 1980 жылы Сырдария аудандық «Сырдария» газетінде әдеби қызметкерден бастап, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары қызметтерін атқарған. 1992-1999 жылдары облыстардиокөпмәниінің редактор, телекомментатор, бас редактор, 1999-2004 жылдары Арал аудандық «Толқын» газеті баспасының бас редактор-директоры, 2004-2006 жылдары аймақтық «Қызылорда» газетінің бас редакторы қызметін атқарған. 2006 жылдан бастап «Сыр бойы» газеті бас редакторының кеңесшісі, экономика бөлімінің меңгерушісі болды. 2013-2018 жылдары «Сыр бойы» газетінің бас редакторы қызметін атқарды. Ж.Әбдіраманнның Арал проблемалары туралы жазылған мақалалары жинақа енген. Ол ҚР Ақпарат министрлігінің, Қазақстан Журналистер одағының Күрмет грамоталарымен марапатталған. Журналистер Конгресінің делегаты. ҚР «Ақпарат саласының үздігі».



Шежірелі шаңырақ

1932 жылдың қаңтарында газет атауы “Ленин туы” болып өзгертілді.

1938 жылы облыс құрылғаннан кейін 22 наурыздан бастап облыстық “Ленин жолы” газеті деп аталды. Оның 1939 жылдың 2 ақпанындағы №26 (239) санына редактор ретінде М.Сәтбаев қол қойған. Редакцияның мекен-жайы Қызылорда қаласындағы Дзержинский көшесі 10 үй болатын.

1939 жылдар «Ленин жолының» жаңа кезеңге аяқ басу сәттері саналады. Жоғары білімді З.Жарқынбаев, Б.Әлменов, Ж.Құлымбетов сынды қаламгерлердің қызметке келіп, шабыттарын шыңдай түсуі, басылымға өзіндік серпін әкелді. Жылдан жылға беделі артып, оқырманның рухани олжасын толықтырды. Ал, Ұлы Отан соғысы жылдарында “Барлығы да майдан үшін, барлығы да жеңіс үшін!” деген жалпыхалықтық ұранға бұл ұжымның қосқан үлесі аз емес. Сол жылдарда газет бетінде халықтық поэзия жанры кеңінен насихатталды. Халық батырлары туралы мақалалар жиі жарық көрді. Елдің рухын көтеруге аяңбай қызмет жасады. Редакцияда қызмет атқаратын біршама журналистер майданға аттанды. Д.Тасекеев, А.Нұрқасым, Б.Әлменов, Ә.Жанұзақов, Қ.Алдағаровтар сұрапыл соғыстан абыроймен елге оралса, К.Шоматов, Ә.Аманбаев, Ә.Қарқынбаев секілді журналистер Отан үшін кеудесін оққа төседі.

Соғыстан кейінгі жылдары ел енесін көтеруге рухани күш-жігер берген газеттің ықпалы аз болған жоқ. Сол жылдары басылым Қызылорда облыстық комитеті мен еңбекшілер депутаттарының облыстық кеңесінің органы саналды. Ол кезде газеттің әр данасы 20 тиын еді. Белгілі ақын Ә.Оналбаев, М.Қиқбаев, Ж.Шәкенов, Ж.Құлымбетов, С.Алдабергенов, С.Сейтенов сынды азаматтар редакцияда қызмет етті.

Елуінші жылдардың басында газеттің хабар тарату қызметі, оның ауқымдылық өлшемі өсе бастады. Журналистер одақтағы, республикадағы, облыстағы оқиғаларды кеңінен насихаттады. Әлемде болып жатқан жаңалықтар ТАСС хабарлары арқылы газеттің әр санында жарияланды. Облыстық деңгейдегі шараларға басымдық беріліп, ел-жұрт өңірдің тыныс-тіршілігімен кеңірек танысты. Мәселен, ауылшаруашылық жұмыстарын механикаландыру, суландыру жүйелерін реттеу, олардағы кемшіліктерді жою журналистердің жіті назарына алынды. Газетте арнаулы “Әдебиет беті” ашылып, онда жергілікті ақын-жазушылардың еңбектері жарыққа шықты. Сын мен сықаққа да көңіл аударылды. Бұл жылдарда газет оқырмандары Қ.Бершиев, А.Қойшыбаев, Н.Есімова,



Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

сіндегі 34 үйге орналасты. Газетте бөлімдер саны көбейді. Сол кездері арнайы беттермен қатар “Біздің календар” деген айдар арқылы ұлы азаматтар жайлы мақалалар берілген екен. Оны Н.Гоголь атындағы пединституттың оқытушылары дайындап тұрған. Спорт тақырыбы да назардан тыс қалмай, тіпті Англияда футболдан өткен әлем біріншілігі жөнінде жаңалықтар да жазылып отырды.

1962 жылдың тамызы айында газетке белгілі журналист кейіннен республикалық “Социалистік Қазақстан” газетінің бас редакторы болған Ұзақ Бағаев басшылыққа келді. Ұжымда А.Құрманов, Ш.Қайырбеков, Н.Уәлиев, Н.Спанов, М.Сәрсенов, С.Есмаханов, А.Ержан, З.Сахиев, Д.Сапаров, Ә.Айдаров, К.Мырзахметұлы, Ш.Дәрмәғанбетов, А.Сопыбеков, Қ.Бәкіров секілді журналистер қызмет атқарды. Олар түрлі-түрлі

әйгіледі. Мұның қабатында күрішшілер еңбегі де үзбей жарияланып тұрды. Сонымен бірге, республикада басқа облыстардың тыныс-тіршілігіне арналған беттер ұйымдастырылған. Мәселен, 1970 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Қарағанды, Целиноград, Гурьев, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстары жайлы арнайы бет дайындалған. Сол кезеңде айтыс өнеріне де мән беріліп, облыстық ақындар айтысында сөз қағыстырған жанақорғандық М.Көкенов пен шиелілік Ш.Өтееттің сөз сайысы да жарық көрген екен.

Газет редакторлығына Қалқабай Әбенов келгеннен кейін де басылым өз биігі алуға белсене қызмет ете берді. «Бұллар сендерге қызмет етеді» деген айдар түрлі мамандық келерінің тіршілігіне үйлді. «Қала проблемасы» айдары орталықтың ойсыраған мәсе-

бұрынғы таралымы одан әрі ұлғайтып, 1987 жылы 53 мың дана болды. Газетте жаңа толқын қалыптасты. Ж.Рахматулла, Қ.Сыдықов, А.Кіребаев, Ж.Аксақалов, Ж.Әлмашұлы, О.Мақсұтұлы, Қ.Данабаев, Н.Рахмет, С.Бихожа, М.Нұрханов, А.Қарабаев сынды алғыр журналистер жұмыс істеді. Ал, Ш.Дәрмәғанбетов, Ү.Әбшенов, Қ.Ысмайылов, Р.Жарылқасынов тәрізді тәжірибелі меншікті тілшілер аудан өмірінен үзбей мақалалар жолдап тұрды.


Сексенінші жылдардың соңында Кеңес Одағының сөтіндей бастағаны мәлім. Талай жыл Одақтың қарарларын басып, әбден мезі болған мемлекеттік басылымдар да енді еркіндікке қол жеткізе бастады. Осындай өзгерістер тұсында, мәселен, 1989 жылы газет 65450 данаман тараған екен.

1991 жылы ел Тәуелсіздікке қол жеткізді.

ша басылымдар шығарылды. 1998 жылдың қарашасынан газет компьютерлік терімге көшті. Редакцияға жас толқын өкілдері келді. Д.Аяшұлы, Қ.Әбулов, А.Тұңғышбаева, Ә.Үмбет секілді журналистер қызмет ете бастады. Жанақорған, Шиелі аудандарында Н.Елтай, Арал, Қазалы аудандарында Ж.Жақып меншікті тілші қызметін атқарды.

Жаңа ғасырдың жаңашыл сұраныстарына облыстық басылым өз дәрежесінде үн қосып, қоғам мен билік арасындағы алтын көпір арқаны сәтті сабақтастыра алды. 2008 жыл мен 2018 жыл аралығында газетке Серік Пірназар, Жолдасбек Аксақалов, Нұрболат Аманжолов және Жұматәлі Әбдіраман бас редакторлық етті. Ал, 2010 жылы облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттері және «Қызылорда ньюс» интернет газеті жаңадан құрылған «Сыр медиа» ЖШС құрамына енді. Жаңа құрылымға сол кезден бастап Аманжол Оңғарбаев жетекшілік етіп келеді.

Аймақта мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудің тың тәсілі бүгінде өз жемісін беріп отыр. 2013 жылы серіктестік жаңа Шығармашылық үйіне көшті. Қаламгерлер үшін ерекше сый болған еңселі ғимаратқа қазақтың



1-бет



Суреттер Болат ОМАРӘЛИЕВТІКІ.



М.Қарақонақова, З.Өмірбеков, Ж.Жанабергенов, Ж.Ахметов, О.Нұржақып, М.Исаев, Қ.Ажаров, А.Токмағанбетов, Ш.Ерралиев сынды қаламгерлердің мақалаларын оқып жүрді. Осы жылдарда газетке Сүлеймен Сейтов, Хамза Сыздықов, Зейнолла Жарқынбаев редакторлық етті. 1959 жылы газет таралымы 12500 данаға жетті.

Алпысыншы жылдардың басында газет таралымы тағы да көтерілді. Оқырмандар саны – 20 мыңды шамалады. Редакцияның мекен-жайы ауысып, қаладағы К.Маркс көшесіне көшті.

тақырыптарды кеңінен қамтып, қызықты репортаждар, очерктер, публицистикалық мақалалар жазды. Газеттің аудандардағы белсенді тілшілерінің саны көбейді. Осылайша “Ленин жолы” газетінің оқырман аудиториясы кеңейе түсті. Алпысыншы жылдардың соңында газетке жазылу бағасы – 6 айға 2 сом 64 тиын болып бекітілген.

Жетпісінші жылдар да газетке жаңа мазмұндық сапа әкелді. Әсіресе тілшілер еңбек адамдарымен белсене араласып, олардың өмірінен қызықты очерктер мен мақалалар жазды. «Малшы еңбегі – мақтаншым» деген айдар талай шопанның шынайы еңбегін

лелерін нысанаға алды. Редакцияның шығармашылық құрамы нығайды. Ш.Рахметбеков, А.Сәлібекұлы, А.Мәденинов, Қ.Сүйенші, Р.Бекбергенова, Қ.Мырзахметұлы, М.Исаев, Ү.Әбшенов, Б.Омарәлиев, Қ.Әбденов, Д.Смайылов, Ж.Түменбаев, Ә.Рахымбекұлы, Н.Байғараев, Ә.Уәлиұлы, Ә.Айдаров, Ә.Бәйменов тәрізді журналистер белсене еңбек етті. 1973 жылы редакция жаңа қонысқа көшіп, Коммунистік проспектісі (қазіргі Абай даңғылы) 60 үйге орналасты. Сол кездері газеттің таралымы 40 мың данаға жетті.

Бертін келе газет редакторы Қ.Әбеновті Нұрдүлдә Уәлиев алмастырды. Газет өзінің

Сол жылдың 20 сәуірінде белгілі ақын, журналист Әскербек Рахымбекұлы газет редакторлығына тағайындалды. Тәуелсіздікпен бірге газет өзінің байырғы «Сыр бойы» атауын қайта алды. Жаңа қоғамның қалыптасу кезінде басылым бетінен жаңалықтарға көп орын беріліп, ұжым үлкен белсенділікпен қызмет етті.

1996 жылдың басында белгілі журналист-жазушы Жақсылық Рахматулла бас редакторлық қызметке кірісті. Республика, облыс өміріндегі маңызды оқиғалар, жедел хабарлар газет бетінен орын алды. Сол уақыттағы сұраныстарға сай газет жанынан қосым-

біртуар перзенті Темірбек Жүргеновтің есімі беріле, сол жылдың басында аймақтағы барлық аудандық ресми басылымдар серіктестік құрамына бірікті. Қазірде «Сыр медиа» ЖШС өзіне қарасты газеттерді жаздыру, тарату қызметін қатар жүргізіп келеді.

Әрине, тоқсан жылдық тарих аз дүниенің ауқымы емес. Ең бастысы, Тәуелсіздікпен бірге «Сыр бойы» атауын иеленген аймақтың ата басылымы дәстүрлі жолы, басты ұстанымын айнымас етеді. Ол – егемен елдің бірлігі мен ынтымағы, қасиетті өңірдің жарқын жетістігі жолындағы қалам қуаты.

«Nur Otan» 10-шы мерейтойлық «Nur Sıńqar» республикалық конкурсының өтетіні туралы хабарлайды

«Nur Otan» партиясы ағымдағы жылдың 10 маусымы мен 2 шілдесі аралығында өтетін журналистер арасындағы «Nur Sıńqar» республикалық конкурсының басталғаны туралы хабарлайды. Үстіміздегі жылы қасиетті журналистер, блогерлер мен шығармашылық ұжымдар өздерінің қазақ және орыс тілдеріндегі түрлі жарнағалары – очерктері, сұхбаттары, теледидарлық және радиохабарлары, журналистік зерттеулері, жарияланымдар шықсы мені хабарлары және тағы да басқа 2018 жылдың 1 қыркүйегі мен 2019 жылдың 2 шілдесі аралығында жарияланған материалдарын партияның мекен-жайына жолдау арқылы конкурса қатыса алады.

Конкурса қатысуға еліміздің саяси, экономикалық және рухани жаңғыруына, Тұңғыш Президенттің бес әлеуметтік бағамасына, Елбасы «Nur Otan» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың өзекті мақсаттарын іске асыру барысына, сондай-ақ партия мен оның филиалдары, оның ішінде бастауыш партия ұйымдары, Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мақсаттардағы партияның қызметі мен жаңғыруына, айтарлықтай маңызы бар партиялық жобалар мен бастамаларға, «Nur Otan»-ның жастар саясатына арналған жұмыстар қабылданды.

Жеміпаздар келесі 10 аталым бойынша анықталатын болады:

1. «Халық дауысы» - Үздік телевизиялық журналист
2. «Көзқарас» - Үздік телевизиялық журналист
3. «Сөз зергері» - Үздік газет журналисі
4. «Мастер слова» - Үздік газет журналисі
5. «Медиа-профи» - Интернет басылымының үздік журналисі
6. «Жас серіліс» - Үздік жас журналист
7. «Елбасы салған сара жол» - Елбасы қызметін көрсетуге арналған сыйлық
8. «Партиялық жобаларды үздік насихаттағаны үшін»
9. «Майталман» - Отандық журналистикаға сіңірген еңбегі үшін берілетін сыйлық
10. «Рухани жаңғыру» - Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын ілгерілетуге қосқан үлесі үшін берілетін сыйлық.

Материалдарды келесі мекенжай бойынша ұйымдастыру комитетіне жолдаған ләзім: Нұр-Сұлтан қ-сы, «Nur Otan» партиясының Орталық аппараты, Қонаев көшесі 12/1, №705 бөлме, тел.: +7 7172 70 76 01, +7 7172 55 57 10, электрондық мекенжай: nur@nurotan.kz

Жеміпаздарды марапаттау рәсімі 2019 жылдың 12 шілдесінде Нұр-Сұлтан қаласында өтеді.

Қосымша ақпараттар: <http://nurotan.kz/news/news-detail/7621>

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru